

етер болсақ, солардың қатарында Бекбау Кебеғұлұлы да бар. Ол кісі өзінің кітаптарды көп оқитын, оқығанын зердесіне тоқитын білімдарлығымен, жаны нәзік, кейде көңіл мен өмірдің құбылыстарын шимайлап, өлеңмен өретін сезімталдығымен, ақынжандылығымен де ерекше.

Әдемі қартаюдың өзі - өнер деген сөз бар ел арасында, бұл біздің ардагер металлургтерге арналғандай, себебі, олардың қайсы бірін алып қарасаңыз да, жастық шағында ауыр бейнетпен шыңдалған олар қарттыққа қоржындарын көргенділік пен парасатқа, білім мен ілімге, ақыл мен пайымға толтырып келгендей...

Комбинатта тапжылмай қырық үш жыл еңбек етіп, еңбек ардагері атанып, бірнеше марапаттар мен медальдар таққан ардагер металлург Бекбау Кебеғұлұлы бүгінде сексеннің сеңгіріне шыққалы отыр.

Бекбау Кебеғұлұлы туралы әдебиет:

Алдашева, Р. Көңілі-көктем, жаны-жаз: [ардагер-металлург Бекбау Кебеғұлұлы туралы] // Құрыш қала. .- 2013.- 18 қаңтар.- (№3).- 7 б.

Құрастырушы: АББ библиографы
Жанашева К.А.

ОК телефоны: 8(7213)98-47-60
Факс: 8(7213)44-66-81
E-mail: tcsgb@mail.ru



«Теміртау қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ
Ақпараттық-библиографиялық бөлім

Қала тарихындағы



Бекбау Кебеғұлұлы

Жаднама

Теміртау, 2016

Сонау алпысыншы жылдардың басында Қазақстан Магниткасының алып құрылысына атсалысып, комбинаттың іргетасын қалап, бар ғұмырын металлургия саласына арнаған ардагерлеріміздің қажырлы еңбегін жастарға үлгі ете отырып, кезекті кейіпкеріміз жайлы айтпақшымыз.

Қарағанды металлургия заводына сонау 1959 жылы комсомолдық жолдамамен келген қазақ жастарының арасында Бекбау Кебеғұлұлы да бар болатын. Ол бұған дейін туған аймағы Тараздағы техникалық училищені бітіргенді. «Жас келсе - іске» дейді дана қазақ, бойындағы қажыр-қайраты мен жастық жалыны алаулаған бозбала Теміртауға табаны тиісімен комбинаттың домна цехына жұмысқа орналасты. Мұнда ол жауапкершілікті сезіне білетін, тапсырылған істі тиянақты орындайтын маман ретінде жұрт назарына ілікті. Қиындыққа қарсы тұрып, сол кездердегі ауыртпалықтарға мойымаған жас әуелі кран машинисі, газ алушы, бункерші секілді жұмыстарды мінсіз

атқарып, ширай түсті.

Сырт көзге қарапайым жұмысшы болғанымен, ішкі әлеміндегі өмірге, білімге, жаны қалаған кәсібінің қыры мен сырын меңгеруге деген күштарлығы басым, тепсе темір үзетін азамат 1961 жылы заводтың жолдамасымен Қарағанды политехникалық институтына оқуға түсіп, оны 1966 жылы бітіріп шықты. Осылайша, жоғары білімді маман ретіндегі қызметі оның екінші тынысын ашқандай болды, сол жылы-ақ техникалық бақылау беліміне қарайтын қалып құю цехында шебер, аға шебер секілді жауапты қызметтерді атқарды. Егер Бекбау Кебеғұлұлының еңбек жолына көз жүгіртер болсақ, мұнан соң цехтың азаматтық қорғаныс штабының бастығы қызметін де мінсіз атқарғанын көреміз.

Теміртаудың тарихында алтын әріптермен жазылған - алғашқы домна шойыны селін ағызған күн, яғни 1960 жылдың 3 шілдесі Бекбау ағаның көңілінде дәл бүгінгідей сайрап тұр. Бұл тек қаланың, комбинаттың ғана емес, сонымен қатар мұндағы жұмыскерлер өмірінің

де ұмытылмас шағының жарқын көрінісі еді. Өйткені дәл сол күні №1 домна пеші республикамызда тұңғыш рет Қазақстан шойынын берді.



Жылжыған жылдар көші бір-ақ сәтте өте шығады, ал егер сол өткен кезеңдерге ойша көз жүгіртер болсақ, онда әрбір жылдың езіне тән ерекшелігі, қызығы мен қиындығы болатыны анық. Әйтседе, кешегі жас қайрат, бүгінгі ардагер металлургтер еңбектен қол үзсе де, қоғамда болып жатқан сан алуан оқиғалардың бел ортасында жүр. Бұл ретте қалалық ақсақалдар алқасының маңайына топтасқан майталман металлургтерді мысал